

Санжар Асфендияров (1889-1938)

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-тарихшы, профессор, Алматы медициналық институтының ұйымдастырушысы және бірінші ректоры (қазіргі С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті).

С. Асфендияров 1889 жылы Ташкентте туған. Ол Ташкент училищесін, 1917 жылы Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясында әскери-теңіз министрлігінің стипендиясында оқыды. Бұл жағдай оны болашақта әскери қызметтің барлық ауыртпалықтарын көтеруге міндеттеді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы ретінде ол алдымен Термезде болды, содан кейін соғыс қимылдары кезінде Түркістан полкінің әскери дәрігері болып қызмет етті, Лодзь қаласының маңында немістердің тұтқындығына түсті, әскери тұтқындар алмасу нәтижесінде ол 1916 жылы Швеция арқылы өз Отанына оралды.

Ақпан төңкерісінен кейін, 1917-1919 жылдары С. Асфендияров Кеңестер жұмысына қатысты – Бұхара, Ташкент депутаттар Кеңесінің, Түркістан өлкелік кеңесінің мүшесі, әскери дәрігер және Черняев полкінің мұсылман бюросының мүшесі, мұсылман депутаттарының Ескіқала Ташкент кеңесінің мүшесі болды. Кейін Каспий жағалауындағы әскери іс-қимылдарға қатысты.

1919-1920 жылдары С.Асфендияров – Түркістан АКСР жер-су шаруашылығы халық комиссары болды.

С.Асфендияровтың қызметі әрқашан Қазақстан мен Орта Азиядағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістермен байланысты болды. Басшы қызметкер ретінде ол шығыс халықтарының тұрмыс ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениеті мәселелерін жақсы білетін. Осыған сәйкес С.Асфендияров 1921 жылдан 1922 жылға дейін Мәскеудегі Түркістан республикасының өкілі болды және сонымен бірге РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің ұлттық мәселелер жөніндегі алқа мүшесі болды, онда ол тәжірибелі аграршы ретінде жерді бөлу жөніндегі ВЦИК арнайы комиссиясының құрамына енгізілді.

1922 жылы С.Асфендияров X Бүкілресейлік кеңестер съезінің делегаты бола отырып, КСРО-ны құру туралы шешімді қолдады.

1923-1925 жылдары ТАКСР Ауыл шаруашылығы Халық Комиссариатының Су шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, Түркістан Компартиясы ОК жауапты хатшысы, БК(б)П ОК Орталық Азия бюросының мүшесі, БОАК хатшысының орынбасары және Төралқа мүшесі болып істеді.

Мәскеуде жұмыс істеген кезде С.Асфендияровтың талантының тағы бір қыры ашылды, оның тарих саласындағы белсенді ғылыми ізденістері ғалымның шығармашылық болашағын анықтады. Мәскеуде болған алғашқы күндерден бастап, ол КСРО ОАК жанындағы Шығыстану институтымен ынтымақтастықта болды, ММУ-де сабақ берді. Осы жылдары С. Асфендияров шет ел өкілдерімен жиі кездесті. Ғылыми еңбегінің дәлелі – оны 1927-1928 жылдары Н.Нариманов атындағы Мәскеу Шығыстану институтының ректоры

болып тағайындалды және оған Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры атағы берілді.

Ғалымның өмірі мен қызметінің ең жемісті жылдары — Қазақстандағы 1928-1937 жылдар аралығындағы кезең. Осы уақытта С. Асфендияров республикадағы ғылым мен алғашқы жоғары оқу орындарын ұйымдастыруға көп күш жұмсады.

1928-1931 жылдары С. Асфендияров – Қазақ педагогикалық институтының алғашқы ректоры және тарих кафедрасының меңгерушісі болды.

Республиканың бірінші жоғары оқу орнының ректоры ретінде ол жалпы химия, биология, физика, анатомия, ішкі аурулар физиологиясы, гистология, микробиология, фармакология, биологиялық химия, гигиена және хирургия кафедрасын ашты. Жұқпалы аурулардың алдын алу ісіне, республика халқына тегін медициналық көмек көрсетуге көп еңбек пен білім жұмсады, туберкулез, шешек, оба, тері аурулары сияқты халық арасында кең таралған аурулармен күресу бойынша белсенді іс-шаралар ұйымдастырды.

1931-1933 жылдары – ҚАКСР халық Денсаулық сақтау комиссары-Алматы медициналық институтының ректоры қызметін қоса атқарды.

1933-1934 жылдары – ҚАКСР Халақ ағарту комиссарының орынбасары - университеттер, ғылым және кітапханалар басқармасының бастығы, 1934-1937 жылдары – КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тарихи-археографиялық комиссиясының меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы төрағасының орынбасары, ҚазОАК жанындағы ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының тарих бөлімінің меңгерушісі, Қазақ педагогикалық институтының тарих кафедрасының профессоры.

Орыс, ағылшын, француз және араб тілдерін білу оған орыс және шетелдік әдеби дереккөздерді қолдана отырып, кең тарихи материалды талдауға және бірқатар ғылыми жұмыстарды дайындауға мүмкіндік берді. Ол білім беру мәселелерімен және тарих саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Өмірінің соңғы кезеңінде жазылған ғылыми жұмыстары С.Асфендияровтың үлкен білімге ие болғанын, тарихи зерттеу әдістерін терең меңгергенін айқын көрсетеді. Осы жылдары ол «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы», «Қазақстанның өткені дереккөздер мен материалдарда», «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» монографиялық еңбектерін жариялады. Оның қаламынан сондай-ақ «Қазақ тарихының очерктері» және «Бейбітшілік әлемі» сияқты кітаптар туған.

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ұйымдастырушы және педагог С. Асфендияров 1937 жылы заңсыз қуғын-сүргінге ұшырады. Оның мемлекеттік, қоғамдық қызметке және ғылым мен ағарту, денсаулық сақтауды дамытуға қосқан елеулі үлесін ескеріп, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1989 жылғы 11 қаңтарда Алматы мемлекеттік медицина институтына оның есімін беру туралы қаулы қабылдады. Алматыдағы Төле би көшесі, 29-үйдегі ғалым тұрған ғимаратта ескерткіш тақта орнатылды, көше атауы берілді, оның есімі ел есінде мәңгілікке сақталады.